

ISSN: 1814 - 6961
E-ISSN: 2788-9718

ОТАН ТАРИХЫ

ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал
2022, № 3 (99)

3 /2022

Құрылтайшы:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ғылым Комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

Бас редакторы:

Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы

Редакциялық алқа:

Абдырахманов Т.А. (Бішкек, Қырғызстан), Аблажей Н.Н. (Новосибирск, Ресей), Аяған Б.Г. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), Әбусейітова М.Х. (Алматы, Қазақстан), Әбіл Е.А. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), Әжіғали С. (Алматы, Қазақстан), Әлімбаев Н. (Алматы, Қазақстан), Жұмағұлов Қ.Т. (Алматы, Қазақстан), Көмеков Б.Е. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), Кудряченко А.И. (Киев, Украина), Любичанковский С.В. (Орынбор, Ресей), Мұқтар Ә. (Атырау, Қазақстан), Петер Финке (Цюрих, Швейцария), Смағұлов О.С. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), Сыдықов Е.Б. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), Уяма Томохико (Саппоро, Жапония)

Жауапты редактор:

Құдайбергенова Айжамал Ибрагимқызы

Ғылыми редактор:

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

Жауапты хатшы

Мурзаходжаев Қуаныш Мәдиұлы

Техникалық хатшылар:

Зікірбаева В.С., Бауыржан С.

Редакцияның мекен-жайы:

050100, Қазақстан Республикасы,
Алматы қ., Шевченко көшесі, 28
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
«Отан тарихы» журналының редакциясы

Сайтқа сілтеме: <https://otan.history.iie.kz>

Тел.: +7 (727) 272-46-54.

E-mail: otanhistory@gmail.com.

Журнал Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде
1998 ж. 9 наурызда тіркеліп, N 158-ж куәлігіне ие болды.

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге
түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.

Учредитель:
Министерство Образования и науки Республики казахстан
Комитет Науки
Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова

Главный редактор:
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия:
Абдырахманов Т.А. (Бишкек, Кыргызстан), Аблажей Н.Н. (Новосибирск, Россия), Аяган Б.Г. (Нур-Султан, Казахстан), Абусейтова М.Х. (Алматы, Казахстан), Абил Е.А. (Нур-Султан, Казахстан), Ажигали С. (Алматы, Казахстан), Алимбай Н. (Алматы, Казахстан), Жумагулов К.Т. (Алматы, Казахстан), Кумеков Б.Е. (Нур-Султан, Казахстан), Кудряченко А.И. (Киев, Украина), Любичанковский С.В. (Оренбург, Россия), Мухтар А. (Атырау, Казахстан), Петер Финке (Цюрих, Швейцария), Смагулов О.С. (Нур-Султан, Казахстан), Сыдыков Е.Б. (Нур-Султан, Казахстан), Уяма Томохико (Саппоро, Япония)

Ответственный редактор
Кудайбергенова Айжамал Ибрагимовна

Научный редактор
Козыбаева Махаббат Маликовна

Ответственный секретарь
Мурзаходжаев Куаныш Мадиевич

Технический секретарь
Зикирбаева В.С., Бауыржан С.

Адрес редакции:
050100, Республика Казахстан,
г. Алматы, ул. Шевченко, 28
Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова
Редакция журнала «Отечественная история»

Ссылка на сайт: <https://otan.history.iie.kz>
Тел.: +7 (727) 272-46-54.
E-mail: otanhistory@gmail.com.

Журнал в Министерстве информации и общественного согласия Республики Казахстан
Зарегистрирована 9 марта 1998 г., имеет свидетельство N 158-Ж.

При перепечатке статей, съемке на микрофильмах и других копиях обязательно
делается ссылка на журнал.

Founder:

Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan
Committee of Science
Institute of History and Ethnology named after Ch.Ch. Valikhanov

Chief editor

Kabuldinov Ziyabek Yermukhanovich

Members of editorial board:

Abdyrakhmanov T.A. (Bishkek, Kyrgyzstan), Ablazhey N.N. (Novosibirsk, Russia), Ayagan B.G. (Nursultan, Kazakhstan), Abuseitova M.H. (Almaty, Kazakhstan), Abil E.A. (Nur-Sultan, Kazakhstan), Azhigali S. (Almaty, Kazakhstan), Alimbay N. (Almaty, Kazakhstan), Zhumagulov K.T. (Almaty, Kazakhstan), Kumekov B.E. (Nur-Sultan, Kazakhstan), Kudryachenko A.I. (Kiev, Ukraine), Lyubichankovsky S.V. (Orenburg, Russia), Mukhtar A. (Atyrau, Kazakhstan), Peter Finke (Zurich, Switzerland), Smagulov O.S. (Nur-Sultan, Kazakhstan), E.B. Sydykov (Nur-Sultan, Kazakhstan), Uyama Tomohiko (Sapporo, Japan)

Executive Editor

Kudaibergenova Aizhamal Ibragimovna

Scientific Editor

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

Executive Secretary

Murzakhodzhayev Kuanysh Madievich

Technical secretary

Zikirbayeva V.S., Bauyrzhan S.

Editorial office address:

050100, Republic of Kazakhstan,
Almaty, Shevchenko str., 28
Institute of History and Ethnology named after Ch.Ch. Valikhanov
Editorial board of the magazine «History of the homeland»

Link to the website: <https://otan.history.iie.kz>

Tel.: +7 (727) 272-46-54.

Email address: otanhistory@gmail.com .

Journal in the Ministry of Information and public consent of the Republic of Kazakhstan
registered on March 9, 1998, has certificate No. 158-Zh.

When reprinting articles, shooting on microfilm and other copies,
a link to the magazine is necessarily made.

FTAMP 03.41.91

DOI 10.51943/1814-6961_2022_3_225

**ОРТАҒАСЫРЛЫҚ СЫҒАНАҚТЫҢ ШЫҒЫС ҚАҚПАСЫ:
ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ****Арынов Қуаныш Сүйіндікұлы^{1*ID}, Амантуров Маралбек Қасымбекұлы^{ID},
Малдыбекова Лаззат Жұмағұлқызы^{ID}**¹Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ., Қазақстан

*Автор корреспондент

E-mail: kuanysh.arynov@ayu.edu.kz (Арынов), maralbek.amanturov@ayu.edu.kz (Амантуров),
lazzat.maldybekova@ayu.edu.kz (Малдыбекова)

Түйіндеме. Мақалада ортағасырлық Сығанақ қаласы туралы алғашқы жазба деректерді топтастыра отырып, қаланың өмір сүру кезеңдері баяндалады. Қала туралы алғашқы саяхатшы ғалымдардың айтуынша Сығанақ қаласының тарих сахнасындағы орны мен орналасқан жері туралы сипатталған. Осы тарихи жазба деректерді нақтылау мақсатында қалаға алғаш XIX ғасырдың екінші жартысында келген ғалымдар қаланың орналасқан жерін нақтылап берсе, XX ғасырдың 70 жылдары Отырар археологиялық экспедициясының ғалымдары қаланы топографиялық жағынан зерттеп, аумағын белгілеген. Сондай-ақ ортағасырлық Сығанақ қаласында 2003 жылы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің археолог мамандары алғаш рет қазба жұмыстарын жүргізіп, табылған заттай деректердің нәтижесінде тарихи жазба деректердегі мәліметтерін дәлелдей түседі. Аталған университет ғалымдары қаланың шығыс қақпасы мен қамал қабырғаларының салыну технологиясына, архитектуралық ерекшеліктері мен құрылыс материалдарына талдау жасалынды. Сондай-ақ аймақтағы ортағасырлық қалалардың қақпаларымен салыстырмалы түрде талдау жасалынып, қосымша ғылыми тұжырымдар айтылды. Қазба жұмыстары барысында алынған, табылған заттай деректер негізінде қаланың шығыс қақпасы мен қамал қабырғаларының салыну уақыты анықталды. Сонымен қатар, шығыс қақпа мен қамал қабырғаларының күні бүгінге дейін ашылу деңгейіне және жобаларына талдау жасалынды.

Кілт сөздер: Сығанақ қаласы, археология, мәдени қабат, мұнара, кесінді, керамика, қорған, ортағасыр, ортағасырлық қалалар, қақпа.

Мақала «Тарихи-мәдени мұра нысаны – ортағасырлық Сығанақ қалашығында кешенді археологиялық зерттеулер жүргізу» тақырыбындағы ғылыми жоба негізінде дайындалды (BR10965310, келісім шарт № 376) ҚР БФМ.

МРНТИ 03.41.91

**ВОСТОЧНЫЕ ВОРОТА СРЕДНЕВЕКОВОГО СЫГАНАКА:
СТРУКТУРА И ОСОБЕННОСТИ****Арынов Қуаныш Суйиндикович^{1*ID}, Амантуров Маралбек Қасымбекович^{ID},
Малдыбекова Лаззат Жумагуловна^{ID}**¹Международный казахско-турецкий университет имени Ходжа Ахмеда Ясауи, г. Туркестан, Казахстан

*Автор корреспондент

E-mail: kuanysh.arynov@ayu.edu.kz (Арынов), maralbek.amanturov@ayu.edu.kz (Амантуров),
lazzat.maldybekova@ayu.edu.kz (Малдыбекова)

Аннотация. В статье обобщаются данные письменных источников о средневековом городе Сыганак и этапах жизни города. Из сочинений средневековых историков, сообщений путешественников известно о местонахождении города и политической роли города на исторической арене. С целью уточнения сведений письменных источников во второй половине XIX века здесь побывали русские ученые и уточнили местонахождение города, в 70-х годах XX века члены Отрарской археологической экспедиции изучили топографию города и обозначили его границы. Впервые комплексные раскопки на городище были проведены в 2003 году археологами Международного казахско-турецкого университета имени Ходжи Ахмета Ясауи. По мнению ученых, результаты раскопок и подъемный материал

подтверждают сведения письменных источников об этапах жизни города. В статье выделяются и описываются особенности технологии строительства восточных ворот и крепостной стены, а также приводится анализ строительного материала. Также проведен сравнительный анализ ворот других средневековых городов региона и сделаны предварительные научные выводы. На основании артефактов, полученных в ходе раскопок авторами предложена датировка восточных ворот и крепостной стены. В статье анализируются планы раскопа, подведены итоги раскопки восточных ворот.

Ключевые слова: городище Сыганак, археология, культурный слой, башня, разрез, керамика, цитадель, средневековые, средневековые города, ворота.

IRSNi 03.41.91

EASTERN GATES OF THE MEDIEVAL SYGANAK: STRUCTURE AND FEATURES

Arynov Kuanysh Suiyndikovich^{1*}, Amanturov Maralbek Kasymbekovich^{1ID},
Maldybekova Lazzat Zhumagulovna^{1ID}

¹Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkistan, Kazakhstan.

*Corresponding Author

E-mail: kuanysh.arynov@ayu.edu.kz (Arynov), maralbek.amanturov@ayu.edu.kz (Amanturov),
lazzat.maldybekova@ayu.edu.kz (Maldybekova)

Abstract. The article summarizes the data of written sources about the medieval city of Syganak and the stages of the city's life. From the writings of medieval historians, travelers' reports, it is known about the location of the city and the political role of the city in the historical arena. To clarify the information of written sources in the second half of the 19th century, Russian scientists visited there and specified the location of the city. In the 70s of the 20th century, members of the Otyrar archaeological expedition studied the topography of the city and marked its boundaries. For the first time, complex excavations at the settlement were carried out in 2003 by archaeologists of the International Kazakh-Turkish University named after Khoja Ahmed Yasawi. According to scientists, the results of the excavations and the recovered material confirm the information from written sources about the stages of the life of the city. The article highlights and describes the features of the construction technology of the eastern gate and the fortress wall, as well as an analysis of the building material. A comparative analysis of the gates of other medieval cities in the region was also carried out and preliminary scientific conclusions were made. Based on the artifacts obtained during the excavations, the authors proposed the dating of the eastern gate and the fortress wall. The article analyzes the excavation plans, and summarizes the results of the excavation of the eastern gate.

Key words: ancient Syganak, archeology, cultural layer, tower, section, ceramics, citadel, middle ages, medieval cities, gates

Кіріспе. Ортағасырлық Сығанақ қаласы Ұлы Жібек жолы бойындағы маңызды қалалардың бірі болып саналады. Оңтүстік өңірдегі көптеген археологиялық ескерткіштердің ішінде ортағасырлық Сығанақ қаласының тарих сахнасында алатын орны ерекше. Өз заманында бірнеше хандықтың астанасы болып, шар-тараптан келген саяхатшылар мен саудагерлер қалаға тамсана қарап, өз жазба деректерінде баяндап кеткен. Қазіргі таңда сан ғасырларды ішне бүккен биік бір төбешікке айналған. Қала туралы жазба деректерді нақтылай түсу үшін қаланың бірнеше жерінде археологиялық қазба жұмыстары жүргізілді. Соның ішінде қалаға кіретін бас қақпаға яғни, шығыс қақпа мен қамал қабырғаларына зерттеу жұмыстары жүргізіліп, архитектуралық ерекшеліктеріне біршама қол жеткіздік.

Ортағасырлық Сығанақ қаласы Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Сунақата ауылынынан 2 км батыста орналасқан (Syzdykov, Zhetibayev, Bahtybayev, 2021: 43). Сығанақ қаласы ортағасырларда тоғыз жолдың торабында орналасқан ірі сауда және саяси орталықтардың бірі болды, оның ғұмыры сонау алғашқы ортағасырдан басталған. Қаланың пайда болуы, дамуы, гүлденуі мен күйреуі кезендері жайлы әле де білетіміз аз болып отыр. Жазба деректерге көңіл бөлетін болсақ қала тұрған аймақта б.з.б. VII-IV ғасырларда массагет сақтар өмір сүрген. Ал олардың орнын басқан қаңлы тайпалары мемлекеттік дәрежеде ғұмыр кешті. Қытай деректерінде қаңлылардың мемлекеті бес аймақтан тұрғанын, ал Сығанақ қаласы тұрған жер Сусе аймағы жері болғанын кездестіреміз (Агеева, Пацевич, 1958: 206-208).

IX–X ғғ. жазба деректерінде Сығанақ қаласы жайлы деректер кездеспейді. Тек X ғ. соңындағы белгісіз парсы авторының «Худуд-әл Әләм» қолжазбасында қала «Сунах» түрінде кездеседі (Якубовский, 1929: 123-159). Ғұлама ғалым М.Қашқаридың жазуы бойынша «Сығанақ» деген аты XI

ғасырдан белгілі (Махмұт Қашқари, 1997). Ал XI-XII ғғ. араб, парсы және түркі жазба деректерінде қаланың аты жаппай кездеседі. Бұл кезең қаланың дамыған кезін көрсетеді (Жолдасбаев, 2010: 8). XIII ғ. жазба деректерінде Сығанақ қаласын Жошы хан жаулап алғандығы жайлы мәліметтер бар түсуде (Каллаур, 1901: 69-78) және армян патшасы Гетумның сапарының жазбаларында да Сығанақтың аты көрсетіледі (К.Гандзакеци, 1976: 224).

Сығанақ қаласының қайта өрлеуі XIV ғ. түс келеді және осы жүзжылдықтың соңына таман ол өзінің бұрынғы күш-қуатына еніп, астаналық қалаға төн сәулеттік ғимараттар бой көтереді. Онда мешіттер, медресе және басқа да қоғамдық ғимараттар салынады. Мұны жазба деректер мен археологиялық қазбалар растайды. Көршілес елдердің қалаларымен тарихи-мәдени байланыстар күшейе түсті. Қаланың аз уақыт ішінде қайта өрлеуіне Ұлы Жібек жолы айтарлықтай септігін тигізді. Сығанақтың жартылай көшпенді халық өміріндегі маңызы өте зор. Көшпенділер қалаға күнделікті сауда жасауға мал және малшаруашылық өнімдерін әкеліп отырды. Ортағасырлық автор Рузбихан Сығанақты «Дешті-Қыпшақтың сауда айлағы» деп атайды (Фазлаллах Ибн Рузбихан, 1976: 116-117; Жолдасбаев, 2010: 8)

Материалдар мен әдістер. Мемлекетіміздің тарихи қалыптасуында Сырдарияның ортаңғы ағысында орналасқан Ортағасырлық Сығанақ қаласының алар орны ерекше. Себебі аталмыш қалаларда алғашқы қалалық мәдениет қалыптасып, Ұлы Жібек жолы бойындағы маңызды ірі орталықтардың біріне айналды. Ежелгі және ортағасырлық тарихымыздың қалыптасуындағы Сығанақ қаласының рөлін анықтау мақсатында археологиялық ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіліп келеді. Ортағасырлық жазба деректерді археологиялық қазба жұмыстарының нәтижелерімен салыстыра отырып, қалалардың пайда болу, даму және құлдырау кезеңдері, әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктері мен даму заңдылықтарын анықталуда. Сонымен қатар, археологиялық материалдарды зерттеу, өңдеу және талдау әдістемесін, оның ішінде қазіргі заманғы технологиялар мен зерттеулерді пайдалана отырып ескерткіштің өткен тарихы зерттелуде.

Талқылау. Ортағасырлық Сығанақ қаласын зерттеу тарихы XIX ғ. екінші жартысынан басталады. Қалаға алғаш рет 1867 жылы орыс археологиялық комиссиясының тапсырмасы бойынша археолог П.И. Лерх болып, оның қай жерде орналасқаны туралы ақпарат берген (Лерх, 1870: 11-12).

1895 жылы Ташкент қаласында құрылған Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесінің мүшелері Сығанақ қаласының тарихи топографиясына кеңінен тоқталды. 1897 жылы үйірме мүшесі Е.А. Смирнов Сырдарияның орта және төменгі ағысында орналасқан ескерткіштерді зерттеу мақсатында жасаған барлау кезінде Сырдарияның оң жағында, Төменарық станциясынан 8-10 верст солтүстікте орналасқан Сунақ қорғанды (Сунақ атаны) ортағасырлық Сығанақ қаласымен баламалап, оның айналасында көптеген құрылыс құландылары барын және бұл қала ілгеріде Төменарық каналы арқылы суландырылғанын атап өтті (Смирнов, 1897: 7).

1899 жылы В.А. Каллаур Сығанақ қаласында барлау жұмысын жүргізіп, қаланың топографиясын сипаттап, алғашқылардың бірі болып қалашықтың жобасын қағаз бетіне түсірді. В.А. Каллаур өлкетанушылар Е.А. Смирнов секілді Сунақата қалашығын ортағасырлық Сығанақ қаласымен баламалады (Каллаур, 1900: 9-11).

1906 жылы И.А. Кастанье Сығанақ қалашығының орнын және қалашық маңындағы сәулет ескерткіштерді сипаттады (Кастанье, 1911: 189-192). Ресей Патшалығы тұсында Сығанақ қалашығы алғаш рет өлкетанушылар тарапынан зерттеле бастады. Сығанақ қалашығының орнында 1947 жылы Оңтүстік Қазақстан Археологиялық Экспедициясының жетекшісі А.Н. Бернштам зерттеу жұмыстарын жүргізе отырып, қалашықтың топографиялық жобасын қайта сызып, жинақталған материалдар негізінде ескерткіштің қаңлы кезеңінен бері өмір сүріп келе жатқандығын баяндайды (Бернштам, 1949: 59-99).


XX ғасырдың 70-ші жылдары қалаға Отырар археологиялық экспедициясының меңгерушісі К.А.Ақышев пен К.М.Байпақовтар қаланы топографиялық жағынан зерттеп, бұл қала ортағасырлық қалалардың ішінде Отырар қаласынан кейінгі атақты екінші қала деген анықтама берген (Акишев, Байпаков, Ерзакович, 1970).

Сонымен жоғарыда көрсетілген ғалымдардың барлығы қалада ғылыми қазба жұмыстарын жүргізбеген. Ғалымдар тек қана қаланың құрылымын, орналасқан жері туралы сипаттап және төбенің беткі қабатындағы теріліп алынған ыдыс сынықтарымен қаланың жасын тоқталған. Соның әсерінен қала ескерткіштерді қорғау қоғамының тыс қалып, бүгінгі күнге дейін зиратқа айналып отыр. Аталмыш мәселені 2003 жылдан бастап профессор С. Жолдасбаевтың бастамасымен қала ішіне қойылған зираттарды ауыл зиратына көшірілді. 2003 жылдан қазіргі уақытқа дейін Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Археология ғылыми-зерттеу институтының археологтары зерттеу жұмыстарын жалғастырып келеді (Zholdasbaev, Aldabergenova, 2013: 77-78). Ашылған нысандар қайта қалпына келтіріліп, ашық аспан астындағы мұражайға айналуда.

Нәтижелер. Ортағасырлық Сығанақ қаласының негізгі шығыс қақпасында қазба жұмыстары 2009-2011 жылдардан бері өз жалғасын тауып келеді (ХҚТУ АҒЗО, 7а:45-46). Шығыс қақпа қамалға жапсарлана орналасқан, жобасында өте күрделі қақпа құрылысының бір бөлігі ашылды (1-сурет).

Ортағасырлық Сығанақ қаласының қақпасы өзіндік архитектуралық ерекшелігі бар құрылыс болып табылады. Бұл қақпа осы өңірдегі анықталған Сауран, Отырар қалаларының қақпа құрылысынан өзгешелеу. Бұл екі қаланың қақпаларында аспалы көпірге арналған тіреу бар. Сығанақ қаласының негізгі платформасы ғана күйдірілген кірпіштен қаланған, ал екі қапталдағы мұнарасы пахсадан жасалған және негізгі платформа алға 4,5м шығыңқы болып орналасқан. Платформаның қазіргі анықталған ең биік жері 1,7м және одан төмен қарай жалғасып жатыр, дегенмен қазба барысында жер асты суының шығып кетуіне байланысты тоқтатылған болатын. Ашылған нысандардың ішінде қала қақпасы мен қорған қабырғалары қазіргі таңда қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізілген болатын. Аталған қорған қабырғаларын және мұнарасы белгілі бір аумақта ашылды.

Сығанақ археологиялық экспедициясы 2015 жылыда археологиялық қазба жұмыстарын ортағасырлық Сығанақ қаласының шығыс қақпасына, яғни 2011-2013 жылдары № 9 қазба жалғастырылды (Жолдасбаев, Арынов, Бахтыбаев, 2016: 286). Қазба жұмыстары солтүстік-батыс бағытта жалғастырылды. Көшенің солтүстік-шығыс шетіндегі жал терендетіле қазылды. Қазу барысында күйдірген кірпіштен жасалған құрылыстар шықты. Құландының оңтүстік бөлігін топырақтан тазалау барысында қарауыл хана қызметінің атқарған бөлме ашыла бастады. Бұл құрылыс әдеттен тыс қабырғалары күйдірілген қыштан өрілген бөлме болып табылады. Оның оңтүстік қабырғасы мүлдем сақталмаған. Ашылған құрылыс ортағасыр археологиясы үшін жаңалық болып табылады, себебі күйдірген қыштан соғылған қақпа кешеніне кіретін бекініс жүйесінде оқ ататын ойықтар (бойницалар) сақталған. Мысалы Сауран қаласында осындай ойықтар тек қорған қамалында кездеседі, олар саз кесектен жасалған. Құрылысты ашу барысында екі ойық толығымен ашылды, сақталу дәрежесі жақсы, анық көрініп тұр. Басқа Қазақстанның ортағасыр қалаларында мұндай сақталған қалдықтар жоқ. Бұл ойықтардың орналасуына, қабырғалардың қиылысуына қарағанда қаланы қорғаушы садақшылар тар терезе – ойықтар арқылы бірінші қақпаны бұзып кірген жау әскерін екінші қақпа алдында күзетші садақшыларға өте ыңғайлы жасалған.




Сурет 1 – 2009 жылғы шығыс қақпаның жобасы

Ғылыми тұрғыдан және Сығанақты туристік нысанға айналдыру үшін бұл табылымның маңыздылығы аса жоғары екенін ескере отырып қақпа алдынан басталатын көшенің екі бойындағы бекініс қалдықтарын қазу қолға алынған болатын. Көшенің солтүстік-шығыс шетіндегі биіктігі 3 м жалды үстінен бастап қазу қажет деп табылған болатын. Аталған жалдың ең жоғары нүктесінен төмен қарай 1,3 м деңгейде құланды кесектер анықталып, осы қабаттың соңғы бөлігінде қалыңдығы 25 см болып келетін қи кесек қаландылары байқалады. Қи кесектердің қалыңдығы 4-6 см. Қи кесекті XIX ғасырдың басына жатқызуға болады. Себебі қаланың бірнеше жерінен соңғы кездері өмір сүрген халықтар осы құрылыс материалын қолданған. Себебі бұл құрылыс материалы жеңіл және жылуды жақсы сақтаған.

Нәтижесінде жоспарланған қазба аумағынан қақпа қорғанының екі жақ қабырғалары және солтүстік-шығыс бөлігінде Қарауылхана қалдықтары ашылды (2-сурет). Жобасына қарағанда құрылыс солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай бағытталған. Қарауылхананың солтүстік-шығыс қабырғасы (сыртқы қабырғасы) біршама сақталған. Қарама қарсы оңтүстік-батыс қабырғасы (ішкі қабырғасы) сақталмаған. Солтүстік-батыс бөлігінде күйдірілген қыштан қарауылхана қабырғасына кесектен қаланған қабырға сүйемелдеп жапсырылып салынғаны анықталды. Яғни Қарауылхана құрылысы қала

қорғанынан кейінірек тұрғызылған. Бұл хронология үшін өте маңызды болып табылады. Қарауылхана бөлмесінің оңтүстік-шығыс қабырғасының тек шығыс бұрышы біршама сақталған. Қалған бөлігі бұзылған. Қарауылхананың сақталған шығыс бұрышынан оңтүстікке қарай мәдени қабаттар қатты бұзылған. Қарауылхананың ішкі бөлігінде XVIII ғасырдың тіршілік белгілері байқалады. Атап айтсақ күйдірген қыштың бөліктерінен құрастырылған орындар /выкладки – төсемелер/ бірнеше жерде сақталған. Ең басты бұзылған оңтүстік қабырғаның төменгі деңгейінде оңтүстікке қарай қоңыр түсті, арасында түз іспетті еден ізі байқалады. Оны тазалау барысында XVIII ғасырдың керамика үлгілері табылды. Бұл еден солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай созылғы, көлемі 2,5 x 1,5 м. Осы еден оңтүстік-батыс жақтан сыпа шетімен шектелген. Сыпа шеті күйдірген кірпіштің бөліктерінен құрастырылған. Ол бір сызық бойы орналасқан, ұзындығы 2,5 м. Сыпа шеті екі қыш биіктігінде ғана сақталған. Еденді тазалау барысында сырлы керамика сынықтарымен қатар тандыр қақпағының басы, ірі қара мал сүйектерімен, ақбөкеннің екі мүйізімен /мүйіздердің ұштары кесілген/, ұсақ мал жағы /екі бөлігі/, темір өндірісі крицасы іспетті зат табылды. Сонымен қатар, оңтүстік-шығыс бөлігінде қалаға кіреберіс сол жағында орналасқан құланды да толығымен ашылып, күйдірілген қыштан қаланған қабырға қаландылары ашылды. Ашылған бұл құрылыстар орта ғасырдағы қорғаныс жүйесі жайлы құнды дерек береді. Сығанақтың қорғаныс жүйесі көршілес орналасқан ортағасырлық Отырар, Сауран және Түркістан қалаларының қорғаныс жүйесіне қарағанда өзгеше ершеліктері бар екендігі анықталды.



Сурет 2 – 2015 жылғы шығыс қақпаның жобасы


Еденді төменге қарай тазалау барысында ташнау іспетті күйдірген қыштан қаланған орын аршылды. Осы топырақ арасында 9 кесілген ақбөкен мүйіздері табылды. Ташнау қыштан қаланған. Ол XVIII ғасырдың ташнауларына қарағанда өзгеше болып келеді. Жобасында төртбұрышты етіп қаланған. Ортасы ойықты болып келеді, ойық табанында бүтін қыш қойылған. Ташнауның оңтүстік-шығыс жағында тандыр пеш ашылды. Оның аузы ташнауға қарай бағытталған. Аузына қарама-қарсы жақта мұржасы бар. Пешті тазалау барысында, шамамен мұржа деңгейінен төмен кесілген мүйіздер шықты. Олар қабат қабат етіп ретсіз жатыр. Тазалап санағанда онда 442 мүйіз табылды. Барлығының мүйіздері үш жағынан араланып тегіс кесілген. Болжам бойынша ақбөкен мүйізі болуы мүмкін. Үш бөлігі кесілген осындай мүйіздер Қаратаудың теріскейіндегі кейінгі орта ғасырлық Күлтөбе және Ран қалаларында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында табылған (Жолдасбаев, 2012: 96). Пеш асты күл қалдығы байқалады. Пештің айналасы кесектен қаланған. Пештің сақталған ернеуінің аумағы 55 см, табанына дейінгі тереңдігі 50 см. Пештің беті қиғаш тор үлгіде сызылған. Күйдірген қыштан соғылған Қарауылхананың солтүстік-шығыс шеті кесектен қаланған қабырғамен үйлесуін анықтауда тазалау жұмыстары жүргізілді. Түрлі деңгейдегі топырақты беткейлер тазаланып, кесіктер жасалды. Осының нәтижесінде қала қорғанына бірнеше жөндеу, қалыңдату жасалғанын байқауға болады. Қарауылхананың қыштан қаланған қабырғасы тазаланған солтүстік-батыс шетінде қалыңдығы 124 см. Басым бөлігінде - 130 см. Оның қабырғасы 26x26x6 см, 30x30x5 см, 27x27x4,5 см, 29x29x6 см бүтін қыштардан, қыш бөліктеріне қаланған. Ашылған Қарауылхана ғимаратының ерекшелігі онда арнайы оқ ататын ойықтар (бойницалар) жасалған. Осыған сай ғимарат жоспарында басқа құрылыстарда кездеспейтін

ерекшеліктер бар. Қарауылханада екі оқ ататын ойық (бойница) сақталған. Қабырғадағы оңтүстік-шығыс бөлігіндегі ойықты шарты түрде 1, ал солтүстік-батыс бөлігін 2 деп белгіледік. №1 ойықтың ені 12-13 см. Ойық биіктігі 80 см. Ойық үсті екі қыштан құрастырылған. Қыштар бір бөлігі жонылып кесілген де қиылысқан жері бұрыш іспетті етіп жасалған. Ойықтың үстінгі бөлігіндегі сақталған қаландының қалыңдығы 12 қатар болып келеді. Қабырғаның сыртқы және ішкі жақтыры тегіс болып қаланған. №1 ойық іші тазаланған кезде күймеген кесектермен қаланып бекітілгені байқалады. Оқ ататын ойық шетінде қаланған қыштардың шеттері біршама сынған. Ойықтың бір шеті 12 қатар кірпіштен қаланған. №1 ойықтан кейін оңтүстікке қарай қаланған қарауылхана қабырғасы тек 42 см ғана сақталған. Қабырғаның одан арғы бөлігінің ізі де сақталмаған. Кірпіштері бұзылып алынған. Қарауылхананың ең биік сақталған бөлігі №1 ойықтан солтүстік тұсы. Бұл жерде қабырға 27 кірпіш қатары сақталыпты. Биіктігі 180 см. №1 ойықтан батысқа қарай қабырға тіке батысқа қарай бағыттталып қаланған. Қабырғаның осы бөлігінің ұзындығы 172 см. Осы қашықтықтан кейін қабырға солтүстік-батысқа қарай бұрылады. Қабырғаның бұрылған бөлігінің ұзындығы 64 см. Бұдан кейін қабырға №2 ойыққа солтүстікке қарай 130 градуспен бұрылады. Оның ұзындығы 142-144 см. №2 ойықтың ені 12-13 см. Ойық биіктігі 82 см. Ойық үстінде екі ғана қатар қыш сақталған. №2 ойық үсті №1 ойық үсті сияқты екі қыштан құрастырылғаны байқалады. Алайда, солтүстік-батыс жақтағы бір қыш орнынан айныған. Қыштардың төменгі бөлігі кесілген де қиылысқанда бұрыш іспетті етіліп қаланғаны байқалады. Ойықтың шетіндегі кірпіштердің шеттері мүжілген. Ойықтың бір шеті 12 қатар кірпіштен қаланған. №2 ойығынан кейінгі қабырға бөлігі оңтүстік-батысқа қарай бағыттталып қаланған. Оның ұзындығы 1,6 м. Осы жерде қабырға солтүстік-батысқа бұрылған, оның ұзындығы 2,66 м. Осы жерде қабырға биіктігі 1 м. Қабырға қалыңдығы үстінгі сақталған, тазаланған жерінде 142-144 см. Күйдірген қабырға қала қорғанына кірген. Сыртқы шығыс шетінде кесек қабырғаға 55 см кіріңкі, ал батыстағы шетінде 1 м текпішекті үлгіде қала қабырғасына енген. Осы қабырға алдында бөлме ішінде сыпа тазаланды. Сыпаның оңтүстік-батыс бөлігінде екі тандыр қалдығы аршылды. Оларыдың бірі әуелгі, бірі кейінгі. Кейінгісі жақсы сақталған. Оның биіктігі 40 см, табанының диаметрі 50 см тандыр беті қиғаш тор үлгіде сызылған. Пештің мүржасы жоқ. Ауа кіретін ойығы батысқа қараған. Ол төртбұрышты ауданы 14 x 17 см. Оның шеті қыш бөлігінен, тастан қаланған. Әуелгі тандыр бөлігінің жартысынан көбі бұзылған. Оның диаметрі 56 см, биіктігі 24 см.

Осы үлгідегі оқ атқыш ойықтар қамалдың келесі бөлігінде болуы мүмкін. Себебі шеңбер тәрізді иіліп келген қорғаныс жүйесінің төменгі бөлігі ашылды. Күйдірілген қыштан қаланған қорғаныс жүйелерінің қалыңдықтары бір-бірінің өлшемдермен дәл келеді. Осы қорғаныс жүйесін негізге ала отырып қалада екі қақпа болуы ықтимал. Алғашқы қақпа су өтетін ор арқылы қорғалған болса, екінші ішкі қақпа осы екі жақты оқ атқыш ойықтарда ораласқан әскердің көмегімен қорғалған болуы мүмкін.

Ортағасырлық Сығанақ қаласында 2018 жылы жүргізілген археологиялық зерттеулер барысында, қаланың шығыс қақпасындағы қорған қамалдары мен мұнараның сыртқы жақтарында қазба жұмыстары жүргізілді (Жолдасбаев, Жетібаев, Бахтыбаев, Арынов, 2019:8). Бұл алаңда қазба жұмыстарын жүргізудің басты мақсаты, қақпаның айналасындағы бос топырақты тазалай отырып, қақпаға жалғасқан қорған қабырғаларының формасы мен көлемін анықтау, сонымен қатар консервациялық жұмыстарға дайындау болып табылатын. Осы мақсатқа байланысты қақпаның орталық бөлігінде (көшеде), оң және сол жақ қорған қамалының сыртқы бөліктерінде археологиялық қазба жұмыстары жүргізілді.

Қақпаны оң жақ қапталында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде, қақпаның оңтүстік бөлігіндегі қорғаныс қамалының сақталған бөлігінің ұзындығы 18 м, қалыңдығы 3,5 м, сақталған бөлігінің биіктігі болса 1,60 м екендігі анықталды. Қорғаныс қамалы қам кесектен тұрғызылған, ішке қарай кіріңкі бағытта батысқа қарай ұзарып қаланың негізгі қорғаныс қамалына қосылған. Археологиялық қазба жұмыстары барысында, қорғаныс қамалының шығыс бөлігінде, жер бетінен 0,88 м биіктікте және жер бетінен 1,15 м биіктікте бірер қатар күйдірілген кірпіштің жатығынан қаланғандығы, ал қорғаныс қамалының ортаңғы бөлігінде болса, жер бетінен 0,95 м биіктікте бір қатар күйдірілген кірпіштің тігінен қаланғандығы анықталды. Күйдірілген кірпіштердің көлемі 27x27x6 см. Қорғаныс қамалының шығыс бөлігінде, 3x0,75 м көлемінде барлау кесікті 0,75 м тереңдіке дейін қазылып, қорғаныс қамалының құрлымы мен табаны анықталды (3-сурет). Екінші кесік қорған қамалының сыртқы бөлігіне салынды. Оның көлемі 1x12,96 м, 1,8 м тереңдікте қазылды. Бұл кесіктің нәтижесінде ешбір құрылыс орыны анықталған жоқ. Сонымен қатар қорған қамалына үшінші кесік салынды. Кесіктің көлемі 1x0,7 м, 1,1 м тереңдікте қазылды. Нәтижесінде көлемдер 20x20x40, 10x20x40 см болып келетін қам кесектен қаланған қабырға жиегі анықталды. Қақпа жолының табанын анықтау мақсатында ұзындығы 9 м, ені 1,1 м, тереңдігі 0,9 м болып келетін кесік салынды. Осы аралықта қара саз балшықтан тапталған жол төсендісі анықталды.



Сурет 3 – 2018 жылғы шығыс қақпаның жобасы

Қақпаны сол жақ қапталында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының барысында, қақпаны сол қапталында орналасқан мұнараның батысында 6,72 м қашықтықтан тағы бір мұнараның ізі анықталды. Мұнара күйдірілген кірпіштен қаланған. Күйдірілген кірпіштің көлемі 27x27x6 см. Мұнараның сақталған бөлігінің ұзындығы 5,87 м, биіктігі болса 0,90 м. Бос топырақты тазалаудың нәтижесінде, мұнараның төменгі бөлігіндегі кірпіштер 9 қатарға дейін жатығынан қаланғандығы, оның үстінгі бөлігіндегі кірпіштер болса тігінен қаланғандығы, ал оның үстінгі бөлігіндегі кірпіштер болса қайтадан жатығынан қаланғандығы анықталды. Мұнараның кірпіш қаланған бөлігінің қалыңдығы 2,77 м, ал радиусы болса 6,72 м.

Мұнараның айналасындағы бос топырақты тазалау барысында, батысқа қарай 12,50 м дейін созылған күйдірілген кірпіштен тұрғызылған қорғаныс дуалының ізі анықталды. Қорғаныс дуалының айналасындағы бос топырақты тазалау барысында, мұнарадан 6,60 м дейінгі бөлігінен кірпіш қаландысының ізі анықталды, ал қалған 5,90 м бөлігінен жүйесіз жатқан кірпіш іздері анықталды. Қорғаныс қамалының табаны мен қалыңдығын анықтау мақсатында, мұнарадан батысқа қарай 5,85 м қашықтықтан, ішкі қамалдан оңтүстікке қарай 2,27 м қашықтықтан барлау кесігі қазылды. Барлау кесігінің көлемі 7x1,70 м, кесігі 1,50 м тереңдікке дейін қазылды. Кесіктің нәтижесінде мұнараның жалғасы шыққан жоқ. Сонымен қатар осы бөліктегі қорған қамалының сыртқы бөлігін тазалау барысында адам қаңқасының екі бас сүйегі мен тоқпан жілігі шықты. Бұл сүйектер қорған қамалының астында басылып қалған. Бір бас сүйектің артықы жағы тік кесілген. Мұндай толық емес адам қаңқалары қаланың аумағынан көптеп кездеседі. Бұл жаугершілік заманда соғыс алаңында қаза тапқан жауынгерлердің сүйектерін қала маңына жерлеген болса керек.


Қақпаның сол жақ бөлігіндегі сыртқы ор ашылып, тазалау жұмыстары жүргізілді. Оның ұзындығы 32 м, тереңдігі 2 м, ені 7 м. Қазба кезінде ешбір құрылыс орындары анықталған жоқ. Тазалау барысында тек ретсіз жақтан қыш құландылар ғана шықты. Бұл құландылар мұнара қабырғаларынан қалыңдығы болуы мүмкін. Сонымен қатар қаландылар арасынан әртүрлі өрнектегі қыш қаптамааларда құрылыс материалы ретінде қаланып кеткен. Тазалау жұмыстары барысында орта кесе түбінің сынықтары мен әртүрлі өрнектегі қыш қаптамаалар шықты.

Сырланған орта кесенің табан бөлігі. Табанының диаметрі 0,7 см бұл орта кесенің қалыңдығы 0,5 см. Қоңыр-қызғылт түске сары түспен екі лақа балық бейнеленген. Шебер қарама-қарсы жүзген екі лақа балықтың бастарын бір-біріне бұрған сәтін өте керемет бейнелеген. Яғни балықтар бастарын бір-біріне бұра отырып, дөңгелене гүлдің ойынын жасайды. Екі балықтың оң жақтарындағы үш желбезектері гүлдің күлтесі, ал құйрықтары гүл сабақтары тәрізді керемет үйлесім тапқан (4-сурет 1).

Сырланған орта кесенің табан бөлігі. Табанының диаметрі 0,7 см бұл орта кесенің қалыңдығы 0,6 см. Жасыл түске ашық жасыл түспен алты күлтелі гүл бейнеленген. Гүлді айналдыра тағы бір өрнек байқалады. Шамасы төрт жарты шарды бір-бірімен түйістіре, түйіскен жерлеріне кішкене күмбезше түсірген (4-сурет 2).

Қыш қаптамааларға тоқталатын болсақ сыртқа формасына, жасалу техникасына, ою өрнегіне қарай алуан түрлі. Жасалу техникасына қарай екі түрге: қалыпта пошымдалған және кеспе әдісімен деп бөлуге болады. Қалыпта пошымдалған дегеніміз, қамыры сәл жұмсақтау сазды қалыпқа салып жасайды. Ал кеспе әдісі дегеніміз тығыз қамырлы сазды қыш қаптама формасына келтіріп, бетіне арнайы жасалған

трафаретті қойып, артық жерін өткір ұшты аспаппен кесіп алып отырған. Ою өрнектері өсімдікті және геометриялық болып келген қыш қаптамалардың кейбірінің рельефті ойықтарына, майоликалық қаптамаларды сындырып отырғызып отырған. Аталған қыш қаптамалардың көпшілігі бір-бірімен қиюласатындай етіп жасаған. Ішінде шексіздік белгісінің күрделі геометриялық өрнекпен ұштасқандары да кездеседі (5-сурет).




Сурет 4



Сурет 5

Ортағасырлық Сығанақ қаласында 2021 жылы жүргізілген археологиялық зерттеулер барысында, қаланың шығыс қақпасында қазба жұмыстары жүргізілді. Бұл алаңда қазба жұмыстарын жүргізудің басты мақсаты, қақпаның екі қапталындағы мұнаралардың ортасына аумағы 2 м қазба салып, мұнаралардың ішкі бөліктерінің материкке дейінгі құрлымын анықтау, реставрациялық жұмыстарға дайындау болып табылатын. Осы мақсатқа байланысты қақпаның екі қапталындағы, оң және сол қапталындағы мұнараларының орталық бөліктерінде археологиялық қазба жұмыстары жүргізіліп, жасалу құрылымы анықталды (6-сурет).

Қақпаның оң қапталындағы мұнаның ішкі бөлігінің құрлымын анықтау мақсатында мұнаның орталық бөлігіне шеңбер пішінді етіліп аумағы 2 м болып келетін қазба салынды. Қазба жұмысы жердің беткі қабатынан 5 м тереңдікке дейін жалғасты. Жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде, мұнаның сақталған беткі қабатынан 1,55 м тереңдікке дейінгі аралықтан жатқызып бір бірінің үстіне қаланған күйген кірпіш қаландысы анықталды. Күйген кірпішті қалау барысында бүтін кірпіштермен қатар сынық кірпіштерді де пайдаланған. Мұнаның сақталған беткі қабатынан 1,55 – 1,8 м тереңдікте күйген кірпішті бір қатар дандана іспеттес тігінен қаланғандығы анықталды. Мұндай үлгідегі қаланды 2013 жылы аталмыш қақпаның аспалы көпірінің қарсы бетін ашу барысында анықталған болатын. Тазалау жұмыстары барысында тігінен қаланған кірпіштердің жоғарғы жағы оң жақа аздап жатыңқы орналасқандығы анықталды. Пайымдауымызша мұнаның жоғарғы бөлігіндегі ауыр салмақтың салдарынан тік қаланған данданың оң қапталға аздап шалқайуына себеп болған. Мұнаның сақталған беткі қабатынан 1,8 – 2 м тереңдікте күйген кірпішті қайталап төрт қатар етіп жатығынан қаланғандығы, оның астында 2 – 2,25 м тереңдікте күйген кірпішті қайталап бір қатар тігінен қаланғандығы, одан соң 2,25 – 2,45 м тереңдікте күйген кірпішті қайталап төрт қатар етіп жатығынан қаланғандығы анықталды. Мұнара құрлысында пайдаланылған кірпіштердің көлемдері әр түрлі болып келуде: 27x27x6, 26x26x5, 23x23x5 см, кірпіштердің бір бөлігі ашық сарғыш түсті саз балшықтан күйылсе, бір бөлігі ашық қызғыш түсті саз балшықтан күйылып арнайы пештерде күйдірілген. Кірпіштерді қалау барысында ашық көкшіл түсті саз балшықты пайдаланған. Осы үлгідегі күйдірілген қыштар Жамбыл облысы, Шу өңіріндегі ортағасырлық Ақтөбе (Баласағұн) қаласындағы қазба кезінде анықталған XI-XIV ғғ. құрылыс нысандарынан көруге болады (Yeraly Akymbek, Veibit Baibugunov, 2013: 1236). Қолданып отырған күйдірілген қыштар ортағасыр кезеңдерінде көптеп қолданған.



Сурет 6 2021 жылғы шығыс қақпа мұнаралырының жобасы мен тік кесіндісі

Қақпаның оң қапталындағы мұнаның орталық бөлігінде жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде жоғарыда айтып өткеніміздей мұнаның сақталған беткі қабатынан 2,45 м тереңдікке дейінгі аралықта күйдірілген кірпіш қаландысы, оның астында 1 м тереңдікте ашық сарғыш түсті саз балшықтан қатты тығыздалып жасалған платформа, ал оның астынан 1 м тереңдікке дейінгі аралықтан көкшіл түсті саз балшықтан қатты тығыздалып жасалған платформа анықталды. Қазба жұмысы барысында мұнаның сақталған беткі қабатынан 4,45 м тереңдіктен ашық сарғыш түсті материк анықталды. Материкке толық көз жеткізу мақсатында қазба жұмысы мұнаның сақталған беткі қабатынан 5 м тереңдікке дейін жүргізілді.

Қақпаның оң қапталындағы мұнаның ішкі бөлігінің құрлымы толық анықталып болған соң, ендігі кезекте қақпаның сол қапталындағы мұнаның ішкі бөлігінің құрлымын анықтау мақсатында қазба жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде қақпаның оң қапталындағы мұнарадан анықталған қабаттар сол қапталынан да анықталды. Атап айтар болсақ, мұнаның сақталған беткі қабатынан 2,45 м тереңдікке дейінгі аралықта күйдірілген кірпіш (жатығынан, тігінен қаланған) қаландысы, оның астында 1 м тереңдікте ашық сарғыш түсті саз балшықты платформа, ал оның астынан 1 м тереңдікке дейінгі аралықтан көкшіл түсті саз балшықты платформа анықталды. мұнаның бұл бөлігінен де, мұнаның сақталған беткі қабатынан 4,45 м тереңдіктен ашық сарғыш түсті материк анықталды. Материкке толық көз жеткізу мақсатында қазба жұмысы 5 м тереңдікке дейін жүргізілді.

Ескерткіш маңайында жер асты суының жақын орналасуына байланысты материкке дейін қазба жұмысын жүргізуге қиындықтар туғызды. Дегенмен мұнаның сақталған беткі қабатынан 4,45 м тереңдіктен ашық сарғыш түсті материк анықталып, қазба жұмысы 5 м тереңдікке дейін жалғасын тапты. Жүргізілген қазба жұмыстарының нәтижесінде мұнара құрлысында күйдірілген кірпіш, арнай дайындалған саз балшық және маңайдағы XII-XIV ғасырларға жататын кесенелердің әрлеуші қыш қаптамаларының пайдаланылғандығы анықталды. Себебі қазба жұмысы барысында кірпіш қаланды қабырғаның арасынан XII-XIV ғасырларға жататын әрлеуші қыш қаптамалардың бірнеше бөліктері алынды. Пайымдауымызша маңайдағы XII-XIV ғасырларға жататын кесенелердің әрлеуші қыш қаптамаларын кейінірек мұнаның құрлысына пайдаланған.

Қорытынды. Қорыта келе ортағасырлық Сығанақ қаласының шығыс қақпасы өзіндік архитектуралық ерекшелігі бар құрылыс болып табылады. Шығыс қақпа мен қорған қамалдарында 2009 жылдан бері қазба жұмыстары жүргізілген болатын. Осы мақалада әр жылғы қазбаның өзіндік ерекшеліктері мен қазба әдістері және жобалыры талқыланды. 2009 жылы шығыс қақпа құрылысының ор алдындағы мұнара қалдықтары тазаланған болатын. Ал, 2015-2018 жылдары екі мұнаралы шығыс қақпа, алдыңғы платформа, қамалды жағалай орналасқан ор және қорған қабырғалары белгілі бір аумақта ашылған болатын. Нәтижесінде шығыс қақпадағы екі қорғаныс жүйесі болғандығы анықталды. Анықталған шығыс қақпа мұнараларын қайта қалпына келтіру мақсатында 2021 жылы ортасына аумағы 2 м болып келетін қазба кесіндісі салынған болатын. Қазба жұмыстарының 5 м тереңдікке дейін қазылып, жасалу құрылымын анықтауға қолжеткіздік. Сығанақ қақпасын өңірдегі анықталған ортағасырлық Сауран, Отырар қалаларының басты қақпаларымен салыстырмалы талдау жасай отырып,

қақпа құрылымдарының ұқсастығы мен ерекшелігі анықталды. Аталмыш қалалардың қақпаларында аспалы көпірлердің орналасуы, қақпаның ішкі бөлігінде күзетшілерге арналған бөлмелердің орналасуы және ішкі бөлігінің құрлымы тар қиылыстар түрінде болып келуі бір-бірімен ұқсастығын көрсетуде. Ал, Сығанақ қаласының шығыс қақпасының ортағасырлық Сауран және Отырар қалаларының қақпаларынан ерекшелігі, қақпаның ішкі бөлігінде қақпа күзетшілеріне қосымша бір мұнарасының болуы және негізгі платформа алға 4,5 м шығыңқы болып орналасуында. Сонымен қатар, қақпаның ішкі бөлігінен қақпаға жоспарлана салынған қыш қаптамалы қабырғаның оң қапталынан қыш қаланды қорғаныс ойықтарының орналасуы, аталмыш қақпаның жоғарыда аталған қақпалардан ерекшелігін көрсетеді.

Қала төңірегінде Кеңес өкіметі тұсында егістік алқабына және ауылдың орналасуына байланысты созылып жатқан рабат аумағындағы құрылыстар бұзылып кеткен. Соңғы жылдары Батыс-Қытай Батыс-Европа күре жолының түсуіне байланысты қала аумағына кіретін рабат аймағын қатты бұзып отыр. Жолды кеңейту және көтеру мақсатында осы аймақтан топырақтар алынған. Соның салдарынан жол бойындағы мәдени қабаттар алынып, жер табанынан су шығып үлкен екі көлшікке айналып отыр. Сол кезде осы аумақты қазу барысында трактомен жер қазушы болып жұмыс атқарған ауыл тұрғындардың айтуынша адам сүйектері мен күйген күл қалдықтары көптеп шыққанын айтады. Бұл осы жолды салу кезінде сараптама қорытындысын берген мекеменің жұмысқа деген салғырттығының арқасында қаншама зерттеуді талап ететін құнды деректерден, материалдардан айрылып отырмыз. Алдағы уақытта зерттеуді талап ететін маңызы бар тарихи ескерткіштерімізді қорғап, сақтап қалу амалдарын қарастырғанды жөн санап отырмыз. Қазіргі таңда тарихы ерте заманнан бастау алатын ортағасырлық Сығанақ қаласының қорғау аймағынан құрылыс не егістік алқаптарын жер бермеу мәселесі қатаң қолға алынса дейміз. Құнды мұраларымызды сол қалпында сақтап қалу ауыл, аудан және облыстық жауапты тұлғаларымызға аманат.

Әдебиеттер

- Syzdykov B., Zhetibayev K., Bahtybayev M. Research of the system of protection of the medieval city of Syganak // Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлытық университеті Хабаршысы «Тарих» сериясы, №4 (103) 2021. 42-52 б. <https://doi.org/10.26577/JH.2021.v103.i4.05>
- Yeraly Akymbek and Beibit Baibugunov. Minaret of Medieval City Aktobe. // World Academy of Science, Engineering and Technology. Vol:78 2013-06-24.
- Zholdasbaev S., Aldabergenova M. The medieval town of Kazakhstan // Asian Social Science. Volume 9, Issue 5, 2013. p. 73–82.
- Агеева Е.И., Пацевич Г.И. Из истории оседлых поселений и городов Южного Казахстана / Труды ИИАЭ АН Каз ССР. Т.5. Алматы: 1958. С. 215.
- Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б. Древний Отрар. Алматы: 1970. 207б.
- Бернштам А.Н. Проблемы древней истории и этногенеза Южного Казахстана / Известия АН Каз ССР. Серия археологическая. Выпуск 2. Алматы, 1949. 59–99 б.
- Жолдасбаев С. Ортағасырлық Сығанақ қаласы (X-XVIII ғғ.) / Көмекші оқу құралы. Түркістан: Тұран, 2010. 224 б.
- Жолдасбаев С. Позднесредневековые города на северных склонах Каратау. Туркистан: Тұран, 2012. С. 109.
- Жолдасбаев С., Қожа М., Жетібаев К., Бахтыбаев М., Мургабаев С., Арынов Қ., Малдыбекова Л., Амантуров М. Сығанақ қаласында 2015 жылы жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстары // Қазақстанның тарихи-мәдени мұраларының өзекті мәселелері: өткені, бүгінгі мен болашағы. Алматы: 2016. 312 б.
- Жолдасбаев С., Жетібаев К., Бахтыбаев М., Арынов Қ. Сығанақ қалашығының шығыс қақпасында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары // Ясауи университетінің хабаршысы. 2019. №1 (111). Б. 7–17.
- Каллаур В.А. Древние города Саганакъ (Сунакъ), Ашнасъ или Эшнасъ (Асанасъ) и другие в Перовскомъ уезде, разрушенные Чингисъ-ханомъ въ 1219 году // ПТКЛА, V. Ташкент: 1900. С. 204.
- Каллаур В.А. Древние города, крепости и курганы по реке Сырь-Дарье, в восточной части Перовского уезда // ПТКЛА, VI. Ташкент: 1901. С. 69-78.
- Кастанье И.А. Надгробные сооружения киргизских степей. Оренбург: 1911. С. 189–192.
- Киракос Гандзакечи. История Армении. Москва: 1976. С. 224.
- ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің 2009-2011 жылдарға жариялаған мемлекеттік «Мәдени мұра» гранты бойынша Мәдениет және ақпарат саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер бағдарламасы аясында орындалған Ортағасырлық Сығанақ қаласы ғылыми жобаның 2009 жылғы (аралық) есебі. Түркістан: 2011. 61 б. / ХҚТУ АҒЗО архиві.
- Лерх П. Археологическая поездка в Туркестанский край в 1867 году. - Санкт-Петербург: 1870. 38 б.
- Махмұт Қашқари. Түрік тілінің сөздігі (Диани лұғат-ит-түрік). 3 томдық шығармалар жинағы. – Т. I. – Алматы: «Хант», 1997. 531 б.
- Смирнов Е.А. Древности на среднем и нижнем течении р. Сырдарьи // ПТКЛА от 17 февраля 1897 г.
- Фазлаллах Ибн Рузбихан Исфাহани. Михман-наме-йи Бухара (Записки бухарского гостя). Перевод, предисловие и примечания Р. П. Джалиловой. Москва: Наука. Главная редакция восточной литературы, 1976. С. 533.
- Якубовский А.Ю. Развалины Сыгнака // Сообщения ГАИМК. Т.2. Ленинград: 1929. С. 123-159.

References

- Syzdykov B., Zhetibayev K., Bahtybayev M. Research of the system of protection of the medieval city of Syganak // *Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлыттық университеті Хабаршысы «Тарих» сериясы, №4 (103) 2021.* 42-52 б. <https://doi.org/10.26577/JH.2021.v103.i4.05>
- Yeraly Akymbek and Beibit Baibugunov. Minaret of Medieval City Aktobe. // *World Academy of Science, Engineering and Technology. Vol:78 2013-06-24.*
- Zholdasbaev S., Aldabergenova M. The medieval town of Kazakhstan // *Asian Social Science. Volume 9, Issue 5, 2013.* p. 73–82.
- Ageeva E.I., Patsevich G.I. Iz istorii osedlyh poselenii i gorodov Iujnogo Kazahstana. [From the history of settled settlements and cities of South Kazakhstan]. *Trudy IIAE AN Kaz SSR. T.5. Almaty, 1958.* p. 215. [In Russian]
- Akishev K.A., Baypakov K.M., Erzakovich L.B. Drevnii Otrar [Ancient Otrar]. Alma-Ata: Izdatelstvo «NAUKA» Kazahskoi SSR, 1970. p. 207. [In Russian]
- Bernshtam A.N. Problemy drevnei istorii i etnogeneza Yuzhnogo Kazahstana. [Problems of ancient history and ethnogenesis of South Kazakhstan]. *Izvestia AN Kaz SSR. Seriiia arheologicheskaya. Vypusk 2. Almaty, 1949.* p. 59–99. [In Russian]
- Zholdasbaev S. Ortagasyrlyk Syganak kalasy (X–XVIII gg.). [Medieval city of Syganak (X–XVIII centuries)]. *Turkistan: Turan baspasy, 2009.* p. 246 [In Kazakh]
- Zholdasbaev S. Poznesrednevekovye goroda na severnyh sklonah Karatau [Late medieval cities on the northern slopes of Karatau]. *Turkistan: Turan, 2012.* 109 s. [In Russian]
- Zholdasbaev S., Kozha M., Zhetibaev K., Bahtybaev M., Murgabaev S., Arynov K., Maldybekova L., Amanturov M. Syganak kalasynda 2015 zhyly zhurgizilgen arheologiyalyk zertteu zhymystary [Archaeological excavations in Syganak in 2015] // *Kazakstannyn tarihi-madeni muralarynyn ozekti maseleleri: otkeni, bugini men bolashagy. Almaty: 2016.* 312 b. [In Kazakh]
- Zholdasbaev S., Zhetibaev K., Bahtybaev M., Arynov Q. Syganaq qalashygynyn shygys qappasynda jurgizilgen arheologiyalyq qazba jumystary [Archaeological excavations at the eastern gate of the town of Syganak] // *Iasau universitetinin habarshysy. 2019. №1 (111). B. 7–17.* [In Kazakh]
- Kallaur V.A. Drevnie goroda Saganak (Sunak), Ashnas ili Eshnas (Asanas) v Perovskom uezde, razrushennyye Chingiz-hanom 1219 g. [The ancient cities of Saganak (Sunak), Ashnas or Eshnas (Asanas) in the Perovsky district, destroyed by Genghis Khan in 1219.]. *PTKLA. Prilozheniya k protokolu ot 7 fevraliya 1900.* p. 204. [In Russian]
- Kallaur V.A. Drevnie goroda, kreposti i kurgany po reke Syr-Dare, v vostochnoy chasti Perovskogo uezda [Ancient cities, fortresses and burial mounds along the Syr-Darya River, in the eastern part of the Perovsky district] // *PTKLA, VI. Tashkent: 1901.* p. 69-78. [In Russian]
- Kastane I.A. Nadgrobynye sooruzheniya kirgizskih stepei. [Gravestones of the Kyrgyz steppes]. *Orenburg: 1911.* p. 189–192. [In Russian]
- Kirakos Gandzakesi. Istoriya Armenii [History of Armenia]. Moskva: 1976. p. 224. [In Russian]
- KR Madeniet zhane akparat ministriginin 2009-2011 zhyldarga zhariyalagan memlekettik «Madeni mura» granty boynsha Madeniet zhane akparat salasyndagy koldanbaly gylimi zertteuler bagdarlamasy ayasynda oryndalghan Ortagasyrlyk Syganak kalasy gylimi zhobanyn 2009 zhylygy (aralyk) esebi. *Turkistan: 2011.* 61 b. / HKTU AGZO arhivi. [In Kazakh]
- Lerh P. Arheologicheskaya poezdka v Turkestanskii krai v 1867 godu. [Archaeological trip to Turkestan region in 1867]. *Sank-Peterburg: 1870.* p. 38. [In Russian]
- Mahmut Kashkari. Turik tilinin sozdigi [Dictionary of the Turkish language] (Diani lugat-it-turik). 3 tomduk shygarmalar zhinagy. I tom. Almaty: «Hant», 1997. p. 531. [In Kazakh]
- Smirnov E.A. Drevnosti na srednem i nizhnem techenii r. Syrdari. [Antiquities in the middle and lower reaches of the river Syrdarya]. *PTKLA ot 17 fevralia 1897.* p. 7. [In Russian]
- Fazlallah Ibn Ruzbihan Isfahani. Mihman-name-ii Buhara (Zapiski buharskogo gostya) [Notes of a Bukhara guest]. *Perevod, predislovie i primechaniya R. P. Dzhaliilovoi. Moskva: Nauka. Glavnaya redakciya vostochnoi literatury, 1976.* p. 533. [In Russian]
- Yakubovskii A.Iu. Razvaliny Sygnaka. [Ruins of Sygnak a]. *Soobsheniya GAIMK. 1929. Vol. 2, p.123-159.* [In Russian]

**МАЗМҰНЫ
CONTENTS
СОДЕРЖАНИЕ**

**ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА
SOURCE STUDING AND HISTORIOGRAPHY
ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ И ИСТОРИОГРАФИЯ**

Белтепов Ж. М.
ЕСКІ ЖӘДІГЕРЛЕРДЕГІ АРАБГРАФИКАЛЫ ЭПИГРАФИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕР
(ҚР ОМА МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ).....5

Асымова Д.Б.
ҚАЗАҚСТАННЫҢ XX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ
ОТБАСЫ ФОТОЛАРЫНДАҒЫ БЕЙНЕЛЕРДІҢ ВИЗУАЛДЫ ТАРИХЫ.....19

**ОРТА ҒАСЫРЛАР ТАРИХЫ
MEDIEVAL HISTORY
СРЕДНЕВЕКОВАЯ ИСТОРИЯ**

Ошан Ж.
ТҮРКІ ҚАҒАНАТТАРЫ ЫДЫРАҒАННАН КЕЙІН ТОҒЫЗ ТАТАРДЫҢ ДАЛА
БИЛГІНЕ ҮМТЫЛУЫ, ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ КӨШПЕНДІЛЕР АРАСЫНДАҒЫ
САЯСИ ОРНЫ МЕН ТАРИХИ РӨЛІ.....28

Aubakirova K.K., Taiman S.T.
HISTORICAL AND CULTURAL FACTORS OF THE TURKIC-ARAB
RELATIONS DURING THE MAMLUKS RULE (13-15 CENTURIES).....36

**ЖАҢА ЗАМАН ТАРИХЫ
NEW HISTORY
НОВАЯ ИСТОРИЯ**

Садыхов Е.Т., Жүсіпов Н.Қ., Токмұхамедов С.Е.
МӘШҰР ЖҮСІПТІҢ ТАРИХИ МҰРАСЫ.....44

Дүйсебаева А.И.
ОСОБЕННОСТИ ОРГАНИЗАЦИИ ИМПЕРСКОЙ ВЕТЕРИНАРНОЙ СЛУЖБЫ
В КАЗАХСКОЙ СТЕПИ: НА ПРИМЕРЕ ТУРГАЙСКОЙ ОБЛАСТИ (КОНЕЦ XIX ВЕКА).....52

**КЕҢЕС ДӘУІРІ ТАРИХЫ
SOVIET PERIOD HISTORY
ИСТОРИЯ СОВЕТСКОГО ПЕРИОДА**

Кабульдинов З.Е., Рыскулов Т.А.
ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКИЕ ВЗГЛЯДЫ СМАГУЛА САДУАКАСОВА.....62

Жүсіп Сұлтан Хан, Козыбаева М.М., Маслов Х.Б.
О ДЕЯТЕЛЬНОСТИ АЛИХАН БУКЕЙХАНА В ПЕРВЫЕ ГОДЫ
СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ В КАЗАХСТАНЕ (1920-1922).....69

Гривенная Л.А.
ВОССТАНИЯ И ГОЛОД 1921-1922-Х ГОДОВ В КАЗАХСТАНЕ:
ПОЛИТИЧЕСКАЯ И СОЦИАЛЬНАЯ РЕАКЦИЯ НА
АНТИНАРОДНУЮ ПОЛИТИКУ БОЛЬШЕВИСТСКОЙ ВЛАСТИ.....78

Мусагалиева А.С.
О НАРОДНЫХ ВОССТАНИЯХ И ПРОТЕСТАХ В КАЗАХСТАНЕ (1929-1931 ГГ.).....87

Исенов О.И., Купенов Б.К.
1920-1930 жж. ТӘЖІКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНА ҚОНЫС АУДАРҒАН
ҚАЗАҚ БОСҚЫНДАРЫ: ОЛАРДЫҢ БЕЙІМДЕЛУІ.....96

Төлентаева К.А. ҚАЗАҚСТАНДА ОРТА АРНАУЛЫ КӘСІБИ БІЛІМНІҢ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ (XX ҒАС. 20-30 жж.).....	106
Қайыпбаева А.Т., Әбікей А.М. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЗАЙЫРЛЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ХАЛЫҚ АҒАРТУ КОМИССАРИАТЫ.....	117
Қабыл А.Ә., Нартбаев Ш.Ж., Мамраймов С.Д. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ 1930-ЖЫЛДАРЫ ҚАРАҚАЛПАҚ ЖЕРІНЕ АУА КӨШҮІ ЖӘНЕ ОҢТҮСТІККЕ ОРАЛУ ТАРИХЫНАН.....	127
Болтаева С.Ж. ТӘШЕНЕВ ЖҮМАБЕК АХМЕТҮЛЫ – КЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖЕТЕКШІ САЯСИ ҚАЙРАТКЕРІ.....	136
Сактаганова З.Г., Ыбырайхан М.Ы. ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1964-1985 жж. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЕҢБЕККЕРЛЕРІНІҢ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРІ: КОМСОМОЛ-ЖАСТАР БРИГАДАЛАРЫНЫҢ ЕҢБЕГІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ МАТЕРИАЛДАРЫ БОЙЫНША.....	144
Борбасов С.М. АЛМАТЫДАҒЫ 1986 ЖЫЛҒЫ ЖЕЛТОҚСАН КӨТЕРІЛІСІ.....	155
ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ HISTORY OF INDEPENDENT KAZAKHSTAN ИСТОРИЯ НЕЗАВИСИМОГО КАЗАХСТАНА	
Уалтаева А.С., Уалтаев М.Д. ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ НОВЫХ ФОРМ ЗАНЯТОСТИ В УСЛОВИЯХ ЦИФРОВИЗАЦИИ.....	165
Найманбаев Б.Р. ИСТОРИЯ БОРЬБЫ ИНТЕРЕСОВ «СТАРЫХ» И «НОВЫХ» ИГРОКОВ НА МЕЖДУНАРОДНОЙ АРЕНЕ в XXI ВЕКЕ.....	174
ЭТНОЛОГИЯ ЖӘНЕ АРХЕОЛОГИЯ ETHNOLOGY AND ARCHEOLOGY ЭТНОЛОГИЯ И АРХЕОЛОГИЯ	
Әбілсейіт Мұқтар, Тұрарұлы А., Жумабаев А. САРАЙШЫҚТАҒЫ «ХАН МОЛАСЫН» ІЗДЕУ ТАРИХЫ.....	186
Хабдулина М.К., Ғайса А.М. НОВЫЕ ПОДХОДЫ В ИССЛЕДОВАНИИ ЭЛИТНЫХ МОГИЛЬНИКОВ САКСКОЙ ЭПОХИ САРЫАРКИ.....	196
Оразбаева А.И. ПОЛИТИКО-ПРАВОВЫЕ ТРАДИЦИИ КАЗАХОВ В XV-XVIII ВВ.....	207
Қалшабаева Б.К., Өзбекбай Ә. ОРТА АЗИЯ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ОТБАСЫ ЖӘНЕ НЕКЕ ҚАТЫНАСТАРЫНДАҒЫ СЫЙ АЛМАСУ ДӘСТҮРЛЕРІ (XIX Ғ. ОРТАСЫ МЕН XX Ғ. БАСЫ).....	216
Арынов Қ.С., Амантуров М.Қ., Малдыбекова Л.Ж. ОРТАҒАСЫРЛЫҚ СЫҒАНАҚТЫҢ ШЫҒЫС ҚАҚПАСЫ: ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	225

**СЫН-ПІКІР
REVIEW
РЕЦЕНЗИЯ**

Аканов К.Г.

РЕЦЕНЗИЯ НА КНИГУ Б.Г. АЯГАНА:

ИСТОРИЯ УЛУГ УЛУСА – ЗОЛОТОЙ ОРДЫ: КУРС ЛЕКЦИЙ

АЛМАТЫ, «ЛИТЕРА-М» ЖШС, 2020. 224 Б.....236

**МЕРЕЙТОЙ
ANNIVERSARY
ЮБИЛЕЙ**

АЛДАЖҰМАНОВ ҚАЙДАР СЕЙСЕМБАЙҰЛЫНЫҢ

80-ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫНА ОРАЙ ҚҰТТЫҚТАУ239